

Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 5С 31/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 наурызда № 4679 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы мәслихатының 2018 жылғы 28 қарашадағы № 6С 25/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 28.11.2018 № 6С 25/5 (арнайы жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 50071 тіркелген) қаулысына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 27.04.2016 № 6С 2/5 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Атбасар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші 2 қосымшаға сәйкес жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

"Келісілді"

Атбасар ауданының әкімі

А.Н.Никишов

9 ақпан 2015 жыл

2015 жылғы 9 ақпандағы № 5С 31/5

Атбасар аудандық мәслихатының
шешіміне 1 қосымша

Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері 1. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Атбасар ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне сәйкес тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеуді іске асыратын уәкілетті органға жүгінеді.

3. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызмет стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11015 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 27.04.2016 № 6С 2/5 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Тұрғын үй көмегі толық ағымдағы тоқсанға тағайындалады, бұл ретте отбасының (азаматтардың) өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады.

5. Коммуналдық қызметтер көрсету бойынша шығындар, коммуналдық қызметтер төлемақысына жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша алынады.

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган ретінде "Атбасар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) айқындалды.

7. Уәкілетті орган аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушілердің дербес шотына аудару жолымен жүзеге асырады.

2. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері

8. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысы уәкілетті органмен қолданыстағы заңнамамен анықталған тәртіпте тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсан бойынша есептеледі.

9. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі:

жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға;

тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақы, отбасының (азаматтың) жиынтық кірісінің 11 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

10. Жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемнің нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр. Жалғыз тұратын азаматтар үшін жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы отыз шаршы метр.

11. Электрқуатты, суық суды, ыстық суды, кәрізді, қоқысты әкету және жылуды тұтыну шығындары алдындағы тоқсандағы нақты шығындары бойынша төленеді.

12. Телекоммуникациялар желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысымен бекітілген әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу ережесі негізінде жүргізіледі.

Атбасар аудандық мәслихатының күшін жойған кейбір шешімдерінің тізімдері

1. Атбасар аудандық мәслихатының "Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" 2012 жылғы 27 маусымдағы № 5С 7/4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-5-188 тіркелген, 2012 жылғы 27 шілдеде "Атбасар", "Простор" газеттерінде жарияланған).

2. Атбасар аудандық мәслихатының "Атбасар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 5С 7/4 "Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы " шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2012 жылғы 9 қарашадағы № 5С 10/3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3515 тіркелген , 2012 жылғы 14 желтоқсанда "Атбасар", "Простор" газеттерінде жарияланған).

3. Атбасар аудандық мәслихатының "Атбасар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 5С 7/4 "Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы " шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 5С 15/7 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3748 тіркелген , 2013 жылғы 7 маусымда "Атбасар", "Простор" газеттерінде жарияланған).

4. Атбасар аудандық мәслихатының "Атбасар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 5С 7/4 "Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы " шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 5С 23/4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4172 тіркелген , 2013 жылғы мамырда "Атбасар", "Простор" газеттерінде жарияланған).